Journal of Health Development
e2663-1776

Аналитическая справка
для формирования политики в области здравоохранения

Қазақстан Республикасының медициналық білім беру жүйесіндегі инклюзияны жүзеге асыру тәжірибесі

Имашева Б.С. [1], Текебаева А.М. [2], Тулегенова А.М. [3*], Какимова С.А. [4]

[1] Оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[2] Оқу-әдістемелік бөлімінің аға әдіскері, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[3] Оқу-әдістемелік бөлімінің аға әдіскері, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[4] Оқу-әдістемелік бөлімінің жетекші әдіскері, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

* Хат-хабаршы автор: ainagul2122@gmail.com

Received: 03 October 2025
Revised: 14 November 2025
Accepted: 21 November 2025
Published: 02 December 2025

Citation: Bagdat Imasheva, Aigul Tekebayeva, Ainagul Tulegenova, Sabina Kakimova. Kazakstan Respublikasynyn medicinalyk bilim beru zhujesindegi inkljuzijany zhuzege asyru tazhiribesi (The practice of implementing inclusion in the medical education system of the Republic of Kazakhstan) [in Kazakh]. J Health Dev. 2025, 60 (6), Special issue, jhd031. https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-6-jhd031

This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Түйіндеме/ Түйінді ойлар

Мәселе неде?

Нормативтік қолдау мен институционалдық бастамаларға қарамастан, медициналық білім беруде инклюзияны жүзеге асыру бірқатар қиындықтарға тап болды:

1. медициналық білім беруде инклюзияны іске асыру, секторaралық өзара іс-қимыл және мемлекеттік деңгейде қолдау жөніндегі институционалдық тетіктердің болмауы;
2. архитектуралық және цифрлық қолжетімділіктің жеткіліксіздігі;
3. мүгедектерге арналған медициналық мамандықтардың шектеулі таңдауы;
4. инклюзивті педагогиканы меңгерген кадрлардың жетіспеушілігі;
5. сондай-ақ әлсіз ведомствоаралық үйлестіру.

Саясат нұсқалары

1-нұсқа. Жоспармен және қадамдық қамту индикаторларымен Қазақстан Республикада инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасын әзірлеу. Медициналық жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді тұрақты енгізу үшін берік нормативтік-құқықтық база құру. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігі жанынан Республикалық үйлестіру кеңесін құру. Жоғары оқу орындары мен медициналық академиялардың стратегиялық жоспарларына инклюзия туралы міндетті бөлімдерді енгізу. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі конкурстық жүйесі арқылы жоғары оқу орындарының инклюзивті дамытуға гранттар енгізу.

2-нұсқа. Инклюзивті білім беру мониторингінің ұлттық цифрлық платформасын құру. Жоғары оқу орындарын инклюзивті оқытудың қамтылуы мен сапасы туралы есептерді жыл сайын жариялау. Жоғары оқу орындарының көпшілікке қол жетімді инклюзивтілік деңгейі бойынша рейтингін әзірлеу. Анонимді сауалнамалар мен қоғамдық кеңестер арқылы мүмкіндігі шектеулі студенттердің кері байланысын енгізу. Конференциялар, кейс жинақтары және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үздік тәжірибелермен бөлісу. Инклюзивті контенттің цифрлық қолжетімділігін дамыту (сурдоаудармасы бар бейнелер, бейімделген сайттар мен курстар).

3-нұсқа. Инклюзивті медициналық білім беру бойынша орталықтандырылған құзыреттілік орталықтарын құру. Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді

медициналық мамандықтар тізбесін кеңейту. Инфрақұрылымды бірлесіп қаржыландыру және кадрлар даярлау үшін жеке және халықаралық әріптестерді (ЮНЕСКО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ERASMUS+) тарту. Педагогикалық және медициналық бейіндегі магистрлік бағдарламаларға инклюзивті педагогика модульдерін қосу. Медициналық жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін міндетті инклюзивті педагогика курстарын енгізу. Инклюзия стандарттарының сақталуын бақылау және бағдарламалардың іске асырылуын қоғамдық бақылау.

Саясат нұсқаларын іске асыру жөніндегі көзқарас

Саясат нұсқаларын тиімді іске асыру Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, сондай-ақ медициналық университеттердің үйлестіруімен мүмкін болады. Оқытушыларды даярлауды күшейту, бірыңғай стандарттарды енгізу және цифрлық инфрақұрылым мен бейімделу технологияларын қоса алғанда, материалдық-техникалық базаны дамыту маңызды.

Түйін сөздер: инклюзивті білім, медициналық білім, мүгедектігі бар тұлғалар, қолжетімділік, инклюзивті педагогика, ведомстволар аралық координация.

1. Кіріспе

Инклюзивті білім беру – Қазақстан Республикасындағы, әсіресе медицина кадрларын даярлау саласындағы жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық басым бағыттарының бірі. 2023-2029 жылдар аралығында жоғары оқу орындары (ЖОО) мемлекеттік стратегияларға сәйкес инклюзивті білім беру үшін 100% шарттармен қамту жоспарлануда.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім берудің қазіргі заманғы жүйесі денсаулық сақтау мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоса алғанда, азаматтардың барлық санаттары үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағдарланған.

Медициналық білімге инклюзивті тәсілдерді енгізу денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлаудың ерекшелігін, кәсіби даярлыққа қойылатын жоғары талаптарды және тұрақты кәсіби құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігін ескере отырып, күрделі, бірақ қажетті міндет болып табылады. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректеріне сәйкес, соңғы жылдары инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық және институционалдық қамтамасыз етуде оң динамика байқалады [1]. Дегенмен, медициналық ЖОО-да инклюзияны жүзеге асыру білім беру ортасының жеткіліксіз бейімделуі, мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігі және мүгедек студенттермен жұмыс істеудегі оқытушылардың шектеулі тәжірибесі сияқты бірқатар қиындықтарға тап болды [2, 3].

Отандық және шетелдік авторлар өз зерттеулерінде архитектуралық қолжетімділікті, цифрлық және адаптивті технологияларды қолдануды, оқу жоспарларының икемділігін, сондай-ақ академиялық қоғамдастықта толеранттылық пен инклюзивті мәдениетті дамытуды қамтитын инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға кешенді көзқарастың маңыздылығын атап көрсетеді [4-7].

2. Мәселенің сипаттамасы

Қазақстан Республикасының инклюзивті саясаты барлық білім алушылар үшін олардың физикалық, зияткерлік және эмоционалдық ерекшеліктеріне қарамастан тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған [8].

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс - қимыл жоспарына және Қазақстан Республикасында инклюзивті саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына сәйкес ЖОО инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖЖОКБҰ) үлесі сияқты нысаналы индикаторға қол жеткізуге үлес қосады (2023 ж. – 60 %, 2024 ж. – 70%, 2025 ж. – 80%, 2026 ж – 100 %, 2027 ж. – 100 %, 2028 ж. – 100 %, 2029 Ж.– 100 %) [9-11].

Инклюзивті саясатты сапалы іске асыру адам әлеуетін дамытуға, кедейлік деңгейін төмендетуге,

мүгедек азаматтар үшін әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға және ел ауқымында экономикалық өсуге ықпал ететінін ескере отырып, ЖОО-да инклюзивті білім беруді іске асыру мәселелерін зерделеу өзекті болып көрінеді.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024-2025 оқу жылының басында ҚР ЖОО-да студенттердің жалпы саны 624,5 мың адамды құрады, ағымдағы оқу жылында ҚР жоғары оқу орындарына (ҚР ЖОО) қабылданған студенттер саны 183,6 мың адамды құрады. 6В101 «Денсаулық сақтау» мамандығы бойынша - студенттер саны 46,7 мың адамды немесе ҚР бойынша студенттердің жалпы санының 7,5% құрады, ағымдағы оқу жылында қабылданған студенттер саны 9,6 мың адамды немесе ағымдағы оқу жылында қабылданған студенттердің жалпы санының 5,2% -ын құрады [12].

Жоғары білім беру ұйымдарында Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024-2025 оқу жылының басында 2053 мүмкіндігі шектеулі адам оқиды. Сонымен қатар, медициналық ЖОО-да және көпсалалы ЖОО-ның медициналық факультеттерінде 342 мүмкіндігі шектеулі адам оқиды немесе 2024-2025 оқу жылының басында ҚР ЖОО-да оқитын мүмкіндігі шектеулі адамдардың жалпы санының 16,7% -ын құрайды (1-кесте).

Кесте 1 – Қеспубликасының ЖОО-да білім алып жүрген мүмкіндігі шектеулі адамдар саны

№	ЖОО атауы	Мүмкіндігі шектеулі адамдар саны Абс. (N)	Салыстырмалы көрсеткіш %
1	С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	75 білім алушы	22
2	Астана медицина университеті	74 білім алушы	21,6
3	Қарағанды медицина университеті	69 білім алушы	20
4	Семей медицина университеті	16 білім алушы	5
5	М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	52 білім алушы	15
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	-	
7	Қазақстан-Ресей медицина университеті	50 білім алушы	14,6
8	Қазақстан медициналық университеті «Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі»	1 білім алушы	0,3
9	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоқ	
10	Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоқ	
11	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоқ	
12	Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	Денсаулық сақтау бағыты бойынша - 5 білім алушы	1,5
13	Каспий университеті	Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоқ	
14	«Bolashaq» Академиясы	Денсаулық сақтау бағыты бойынша жоқ	
	Жалпы саны	342	100

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың басым бөлігі (63%) С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (22%), Астана медицина университеті (21%) және Қарағанды медицина университеттерінде (20%) шоғырланған. Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Козыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Каспий университеті, «Bolashaq» Академиясы сынды оқу орындарында «Денсаулық сақтау» мамандығы бойынша білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі студенттер жоқ (1-сурет).



Сурет 1 — Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген мүмкіндігі шектеулі адамдар саны

8 медициналық ЖОО-да және 6 көпсалалы ЖЖОКБҰ медициналық факультеттерінде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен іске асыруды талдау барлық ЖОО-да өзінің ішкі саясатына сәйкес белгіленген инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ішкі құжат (ереже мен нұсқаулықтар) бар екенін көрсетеді.

Жоғары білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру саясатын іске асыру және жетілдіру мақсатында көптеген оқу орындарында арнайы орталықтар ашылған. Мәселен, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде Инклюзивті білім беру орталығы ретінде арнайы бөлінген құрылымдық бөлімше, Каспий қоғамдық университетінде жеке-кәсіптік өсу орталығы жанындағы инклюзивті білім беру бөлімі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Инклюзивті орта орталығы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Инклюзивті білім беруді қолдау орталығы ұйымдастырылған. Қалған ЖОО-да инклюзивті білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қолдау әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі әртүрлі бөлімдерге, деканаттарға, мектептерге, факультеттерге жүктелген.

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Каспий университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Bolashaq» академиясы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Халықаралық қазақ-түрік университеттерінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің білім беру үдерісін кешенді сүйемелдеу мақсатында штатта қажетті мамандар бар.

Профессор-оқытушылар құрамының мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттермен жұмыс жасаудағы құзыреттілік деңгейі инклюзивті білім беру мәдениеті саясатын дамытудың сәттілігін анықтайды, осыған байланысты барлық ЖОО-да инклюзия мәдениетін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, оқытушы-профессор құрамы (ОПҚ) және агроөнеркәсіп кешенінің (АӨК) мамандарының біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру жұмыстары ұйымдастырушылық-инклюзивті білім берудің басқарушылық негіздерін, қағидаттарын, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін, оқыту ерекшеліктерін және мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту үшін жағдай жасауды қамтиды [13-17].

2024 жылдан бастап 2025 жылғы сәуірге дейінгі кезеңде барлығы 4 040 қызметкер, оның ішінде С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің – 76 қызметкері, АМУ – 905 қызметкері, Қарағанды медицина университеті – 115, Семей медицина университеті – 142, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті – 179 қызметкері, Оңтүстік Қазақстан

медицина академиясы – 668, Қазақстан-Ресей медицина университеті – 328, Қазақстан медициналық университеті «Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі» – 16, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті - 83, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті – 819, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті – 424, Көкшетау университеті — 142, Каспий университеті – 63, «Bolashaq» академиясының – 80 қызметкері біліктілігін арттырды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша ЖОО арасында Астана медицина университеті, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы көш бастап тұр (2-сурет).



Сурет 2— ҚР ЖОО-ның біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер саны

Сонымен қатар, ЖОО-да студенттердің инклюзивті ортасы мен әлеуметтенуінің қолайлы қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін факторлардың ең маңыздысы ерекше білімді беру қажет (ЕББҚ) және Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) бар студенттер үшін инклюзивті инфрақұрылымдық ортаны қамтамасыз ету болып табылады [18-21].

Бүгінгі таңда ЖЖОКБҰ кедергісіз сәулет ортасын құру бағытында белгілі бір жұмыс атқарылды. Барлық ЖОО оқу корпустары мен студенттік жатақханаларға кедергісіз қол жеткізу үшін жағдай жасады – корпустар мен жатақханалар санына байланысты 2-ден 15 пандусқа дейін жасақталды. Оқу орындары мен жатақханаларда арнайы жабдықталған сантехникалық тораптар саны 1-ден 35-ке дейін, пандустар мен баспалдақтар – 1-ден 15-ке дейін, лифттер мен көтергіштер саны – 1-ден 22-ге дейін орнатылған. Семей медициналық университетінде лифтілер мен көтергіштерді орнату 2025 жылы Даму жоспарына енгізілген.

Барлық ЖОО-да мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ортаның қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ғимараттарда мүмкіндігі шектеулі адамдарды бағдарлау және навигациялау үшін көрнекі, дыбыстық, тактильді ақпаратты (тактильді белгі, пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін қоңырау шалу, тактильді жолдар, Брайль қарпі бар ақпараттық белгілер (мнемосызбалар), контрастты бояумен бояу, университет сайттарына көру қабілеті төмен адамдарға арналған бейімделген нұсқаларын ұсынатын кешенді ақпараттық жүйелер бар нашар көретіндерге арналған нұсқамен бейімделген.

Медициналық мамандықтар бойынша инклюзивті оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыруды талдау біздің ЖОО-да жұмыс бағдарламалары мен пәндер силлабустарында

ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің ерекше немесе арнайы қажеттіліктері (басымдылық, әдістемелік материалдардың қолжетімділігі, білім мен дағдыларды бақылау нысандарындағы жағдайлар) ескерілетінін көрсетеді. Ағымдағы оқу жылында медициналық мамандықтар бойынша ЕББҚ бар адамдарға арналған 8 білім беру бағдарламасы іске асырылуда, оның ішінде Батыс Қазақстан медицина университетінде Медицина/Жалпы медицина, Стоматология, Фармация, Қоғамдық денсаулық сақтау 5 білім беру бағдарламалары, ал Қазақстан-Ресей медицина университетінде Медицина, Стоматология, Қоғамдық денсаулық сақтау 3 білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

ЖОО материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай - күйін талдау ЖОО-да инклюзивті инфрақұрылымдық орта құру-білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу кеңістігі мен оқу ортасын бейімдеу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын куәландырады. Сонымен, оқу ғимараттарында көру қабілеті төмендеген, есту өткірлігі бар адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, сондай - ақ өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін: дауыстық функцияларды, көзді басқаруды, мәтінді сөйлеуге түрлендіруді қамтамасыз ететін «арнайы мүмкіндіктер» кеңейтімі бар компьютерлер, аудио және бейне жабдықтары бар мамандандырылған кабинеттер жабдықталады. Арнайы үстелдер, орындықтар, панельдер орнатылып, кабинетте еркін қозғалуға мүмкіндік беретін қашықтық қарастырылған.

ЖОО оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар әр түрлі. Бұл негізінен инклюзивті білім беруге бейімделген кітапхана қорларындағы сурдоаудармасы бар арнайы электрондық ресурстар: Қазақстанның республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесі, «Мультимедиялық оқулықтар», «Студент консультанты», «IPR smart», «Access medicine», «Эпиграф» дерекқорлары. Астана медицина университетінде «TOPAZ HD 440842-001 A нұсқасы» стационарлық бейне үлкейткіш, көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға арналған «Clear reader» оқу құрылғысы орнатылған. Каспий университетінде, ҚазҰУ-да, «Bolashaq» академиясында және ХҚТУ-да инклюзивті білім беру процессінде брайль дисплейі, көпфункционалды ойнатқыш, SARA CE оқу және сканерлеу машинасы, брайль принтері, тактильді сурет түрлендіргіші, брайль бойынша баспа машинкасы, нашар еститіндерге арналған портативті индукциялық панельдер қолданылады. ЖОО білім беру процессін зерттеу мәліметтеріне сәйкес инклюзивті білім беру бойынша кітаптардың баспа басылымдары бүгінде тек «Bolashaq» академиясында 59 дана және ХҚТУ-да Брайль шрифтімен 58 оқулық бар.

Білім беру үдерісінің сапасы пайдаланылатын оқулықтар мен оқу құралдарының сапасымен, сондай-ақ ЕББҚ бар және ДМШ студенттер күнделікті оқытуда қол жеткізе алатын білім беру ресурстарының деңгейімен анықталатынын ескере отырып, ЖОО-да тиімді білім алу үшін жағдайларды арттыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде [22-24]. Мысал ретінде Қазақ ұлттық университеті кітапханасында тірек-қимыл аппаратының мүгедектігі бар және денсаулығының басқа да бұзылулары бар адамдарға арналған орындармен жабдықталған студенттерге арналған зал ашу жоспарланып отыр, сондай-ақ «аудиокітап» және «ірі шрифт» форматындағы 50 оқулық және көру қабілеті бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің пайдалануы үшін Брайль бойынша 5 оқулық шығару дайындалуда.

Біздің ЖОО-ның инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруды талдау медициналық ЖОО мен көп бейінді ЖОО арасындағы оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық жарақтандырудағы айырмашылықты куәландырады, бұл көп бейінді ЖОО-да жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, кәсіп алуға мүмкіндік беретін көп мамандықтардың болуымен түсіндіріледі.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ұсынылатын кәсіптер мен сабақтар атласында» мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру, еңбек жағдайлары, медициналық ұғымдар мен көрсеткіштер бойынша халықаралық тәжірибені ескере отырып, 7025 бірегей кәсіп ұсынылды, оның ішінде медициналық кәсіптер 4 атаумен ұсынылған [25].

Осылайша, қоғамдық бақылау топтары мен тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, медициналық мамандықтар бойынша инклюзивті білім беруді іске асыру үшін ЖОО-р құратын жағдайларға жүргізілетін мониторинг, кері байланыс және бағалау ЕББҚ бар және ДМШ адамдардың жеке және типологиялық

ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білімге тең қол жеткізуге ықпал етеді.

Мәселенің негізінде жатқан факторлар

Нормативтік қолдау мен институционалдық бастамаларға қарамастан, медициналық білім беруде инклюзияны жүзеге асыру бірқатар қиындықтарға тап болды. Бұл қиындықтарға келесі факторлар жатады:

– медициналық білім беруде инклюзияны іске асыру, секторaралық өзара іс-қимыл және мемлекеттік деңгейде қолдау жөніндегі институционалдық тетіктердің болмауы;

– архитектуралық және цифрлық қолжетімділіктің жеткіліксіздігі;

– мүгедектерге арналған медициналық мамандықтардың шектеулі таңдауы;

– инклюзивті педагогиканы меңгерген кадрлардың жетіспеушілігі;

– сондай-ақ әлсіз ведомствоаралық үйлестіру.

3. Саясат нұсқалары

Саясаттың 1-нұсқасы

Жоспармен және қадамдық қамту индикаторларымен ҚР-да инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасын әзірлеу.

Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық бағдарламасын әзірлеудің негізгі мақсаты - барлық деңгейдегі білім беру жүйесінде, соның ішінде медициналық ЖОО-да, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) тұлғалар үшін тең қолжетімділік пен сапалы білім алуға жағдай жасау. Оның негізгі шарттары келесілерді қамтиды: - инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұзақмерзімді стратегиясын қалыптастыру; қамту деңгейін кезең-кезеңімен арттыру; оқу орындарының материалдық және кадрлық әлеуетін күшейту.

Аталған саясат нұсқасын енгізу келесі шаралардан тұрады:

1. Медициналық ЖОО-да инклюзивті білім беруді тұрақты енгізу үшін берік нормативтік-құқықтық база құру.

Нормативтік-құқықтық базаны құру инклюзивті білім беруді енгізу процесін заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету және оқу процесінің тұрақтылығын арттыру мақсатында өте қажет.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (ҚР ҒЖБМ) және Денсаулық сақтау министрлігі (ДСМ) жанынан Ведомствоаралық үйлестіру кеңесін құру. Оның мақсаты: инклюзивті білім беру мен денсаулық сақтау салалары арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, біртұтас саясат пен стандарттарды қалыптастыру.

3. ЖОО мен медициналық академиялардың стратегиялық жоспарларына инклюзия туралы міндетті бөлімдерді енгізу. Инклюзивті бағытты ЖОО-лардың институционалдық даму стратегиясына енгізу арқылы тұрақты және жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге болады.

4. ҚР БҒМ конкурстық жүйесі арқылы ЖОО-ларды инклюзивті дамытуға гранттар енгізу. Конкурсттық гранттар арқылы университеттерді инклюзивті оқыту бағытында жобалар жасауға ынталандыру және озық тәжірибелерді тарату мүмкіндіктері көбейеді.

Саясаттың ұсынылған нұсқасын енгізуден кейінгі болжамды күтілетін нәтиже:

– инклюзивті білім беру саясаты ұлттық деңгейде жүйеленеді;

– барлық ЖОО-ларда тең қолжетімді оқу ортасы қалыптасады;

– ЕБҚ тұлғалардың жоғары білім алу мүмкіндігі айтарлықтай кеңейеді; оғамда толеранттылық пен әлеуметтік инклюзия мәдениеті орнығады.

Саясаттың 2-нұсқасы

Инклюзивті білім беру мониторингінің ұлттық цифрлық платформасын құру.

Инклюзивті білім беру мониторингінің ұлттық цифрлық платформасын құрудың мақсаты – ЕБҚ тұлғалардың жоғары білім алудағы қолжетімділігін, сапасын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін бірыңғай ұлттық цифрлық мониторинг жүйесін құру. Бұл жүйе инклюзивті білім беруді енгізу барысын автоматты түрде қадағалауға, талдауға және ашық түрде қоғамға ұсынуға бағытталады. Ұлттық цифрлық мониторинг платформасын құрудың негізгі қағидасы - инклюзивті білім берудің барлық деңгейі мен көрсеткіштерін нақты уақыт тәртібінде тіркейтін және талдайтын бірыңғай деректер ортасын қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру мониторингінің ұлттық цифрлық платформасын құрудың қадамдық шаралары келесілерді қамтиды:

1. ЖОО-да инклюзивті оқытудың қамтылуы мен сапасы туралы есептерді жыл сайын жариялау. Оның негізгі мақсаты ЖОО-да инклюзивті білім берудің ашықтығын, есептілігін және қоғамдық бақылауын қамтамасыз ету.

2. Инклюзивтілік деңгейі бойынша ЖОО-ның ашық рейтингісін әзірлеу. ЖОО аталған рейтінгісін даярлау университеттер арасында инклюзивтілік деңгейін арттыруға бағытталған бәсекелестік пен ынталандыру жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің кері байланыс жүйесін енгізу. Аталған жүйені енгізу инклюзивті білім берудің нақты сапасын студенттердің өз тәжірибесі арқылы бағалау және түзету шараларын дер кезінде қабылдауға көмектесу.

4. Үздік тәжірибелермен алмасу және кәсіби қоғамдастық құру. Бұл шара инклюзивті білім беруді енгізудің үздік ұлттық және халықаралық тәжірибелерін таратуды көздейді.

5. Инклюзивті контенттің цифрлық қолжетімділігін дамыту. Аталған шара арқылы барлық студенттерге, соның ішінде ЕБҚ тұлғаларға білім беру контентін тең қолжетімді етуді қамтамасыз етуге болады.

Ұсынылған саясаттың болжамды нәтижелері:

– инклюзивті білім берудің бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйесі құрылады;

– барлық деректер ашық әрі нақты уақыт режимінде қолжетімді болады;

– ЖОО-лардың инклюзивтілік деңгейі бойынша ұлттық рейтинг қалыптасады;

– мүгедектігі бар студенттердің оқу тәжірибесі мен сапасы айтарлықтай жақсарады; - Қазақстан аймақтарында тең және қолжетімді жоғары білім жүйесі дамиды.

Саясаттың 3-нұсқасы

Инклюзивті медициналық білім беру бойынша орталықтандырылған құзыреттілік орталықтарын құру.

Қазақстанда медициналық білім беру жүйесінде инклюзия қағидаттарын тұрақты енгізу үшін ұлттық деңгейде инклюзивті медициналық білім берудің құзыреттілік орталықтарын (ИМБҚО) құру маңызды. Бұл орталықтар кадрларды даярлаудың, ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетудің, педагогикалық инновацияларды енгізу және халықаралық ынтымақтастықты дамытудың негізгі платформасына айналады.

Инклюзивті медициналық білім беру бойынша орталықтандырылған құзыреттілік орталықтарын құру саясатын енгізудің алғы шарттары:

1. Инклюзивті медициналық білім беру бойынша құзыреттілік орталықтарын құру. Аталған құзыреттілік орталығының міндеті - медициналық университеттер мен денсаулық сақтау ұйымдарының базасында аймақтық және ұлттық деңгейде инклюзивті білім беру орталықтарын ашу.

2. Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді медициналық мамандықтар тізбесін кеңейту. Бұл жердегі негізгі мақсат – ЕБҚ тұлғаларға медициналық және денсаулық сақтау саласында білім алудың көбірек мүмкіндігін беру.

3. Инфрақұрылымды бірлесіп қаржыландыру және кадрлар даярлау үшін жеке және халықаралық әріптестерді тарту. Мақсаты: инклюзивті медициналық білім беру инфрақұрылымын дамыту үшін мемлекеттік, жеке және халықаралық серіктестіктерді кеңейту.

4. Магистрлік бағдарламалар мен педагогикалық даярлыққа инклюзивті педагогика модульдерін енгізу. Медициналық және педагогикалық бағыттағы магистрлік бағдарламаларда инклюзивті білім беру құзыреттерін жүйелі қалыптастыруды жүзеге асырылады.

5. Медициналық ЖОО-ның оқытушылары үшін міндетті инклюзивті педагогика курстарын енгізу. Инклюзивті педагогика курстарын енгізудің негізгі мақсаты – профессорлық-оқытушылық құрамның ерекше қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс жасауға дайындық деңгейін арттыру.

6. Инклюзия стандарттарының сақталуын бақылау және қоғамдық мониторинг жүйесін енгізу. Мониторинг инклюзивті медициналық білім берудің сапасын қамтамасыз ету және ашық есептілікті дамытуға ықпал етеді.

Жоғарыда аталған саясатты енгізуден кейін болжамды күтілетін нәтижелер:

– Қазақстанда инклюзивті медициналық білім берудің ұлттық жүйесі қалыптасады;

– 8 медициналық университетте құзыреттілік орталықтары жұмыс істейді;

– мүгедектігі бар тұлғалардың медициналық білімге қатысу үлесі айтарлықтай артады;

– оқытушылардың 100%-ы инклюзивті педагогика бойынша дайындалады;

– халықаралық ұйымдармен тұрақты серіктестік жүйесі құрылады;

– инклюзия сапасы қоғамдық және цифрлық бақылау арқылы тұрақты бағаланады.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd031

4. Саясат нұсқаларын іске асыру жөніндегі көзқарас

Үш саясат нұсқасы Қазақстандағы инклюзивті білім беруді, соның ішінде жоғары және медициналық білім беру саласын дамытудың үш өзара байланысты, бірақ әртүрлі деңгейдегі бағыттарын қамтиды:

Саясаттың 1-нұсқасы

Жоспармен және қадамдық қамту индикаторларымен ҚР-да инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасын әзірлеу. Бағыттың сипаты - Ұлттық мемлекеттік бағдарлама деңгейіндегі жүйелік саясат. Негізгі мақсаты - инклюзивті білім беруді мемлекеттік стратегия деңгейінде қалыптастыру және нормативтік негізін нығайту.

Саясаттың 2-нұсқасы

Инклюзивті білім беру мониторингінің ұлттық цифрлық платформасын құру. Бағыттың сипаты - цифрлық мониторинг және ашық есептілік деңгейі. Негізгі мақсаты - инклюзивті білім беру сапасын, қамтылуын және тиімділігін нақты уақыт тәртібінде бақылау.

Саясаттың 3-нұсқасы

Инклюзивті медициналық білім беру бойынша орталықтандырылған құзыреттілік орталықтарын құру. Бағыттың сипаты - медициналық білім беру және кадрлық әлеует бағыты. Негізгі мақсаты – Инклюзивті медициналық білім берудің кәсіби, әдістемелік және ғылыми инфрақұрылымын құру.

Осылайша, үш саясат бірін-бірі толықтырып, «инклюзивті экожүйенің» үш тірегін қалыптастырады:

1. Мемлекеттік саясат және институционалдық негіз (1-нұсқа),
2. Ақпараттық ашықтық және цифрлық бақылау (2-нұсқа),
3. Кәсіби және ғылыми-инфрақұрылымдық қамтамасыз ету (3-нұсқа).

5. Қорытынды

Саясат нұсқаларын тиімді іске асыру Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, сондай-ақ медициналық университеттердің үйлестіруімен мүмкін болады. Оқытушыларды даярлауды күшейту, бірыңғай стандарттарды енгізу және цифрлық инфрақұрылым мен бейімдеу технологияларын қоса алғанда, материалдық-техникалық базаны дамыту маңызды.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдемейді.

Авторлардың үлестері: Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, келісіп, авторлық құқықты беру формасына қол қойды.

Әдебиет

1. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy razvitija obrazovanija i nauki Respubliki Kazahstan na 2020 - 2025 gody (On approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025) [in Russian]: ot 27 dekabrja 2019 goda № 988. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988

2. Lepeshev, D. V., & Abitaeva, A. M. (2025). Razvitie inkljuzivnogo obrazovanija v Kazakhstane (Development of inclusive education in Kazakhstan) [in Russian]. Nauka i real'nost', 3(23), 21–32. https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-inklyuzivnogo-obrazovaniya-v-kazahstane

3. Turlubekova, M.B., & Bugubayeva, R.O. (2021). Inkljuzivnoe obrazovanie v Kazakhstane: analiz processa organizacii i vozmozhnosti dal'nejshego ego razvitija (Inclusive education in Kazakhstan: Analysis of the organizing process and the possibility of its further development) [in Russian]. Central Asian Economic Review, 3, 89–109. https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-3-89-109

4. UNESCO. Global education monitoring report, 2020: Inclusion and education: all means all, Easy to read version, key messages, recommendations. Website. [Cited 23 Oct 2025]. Available from URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373724

5. European Commission. Towards Equity and Inclusion in Higher Education in Europe. Website. [Cited 23 Oct 2025]. Available from URL: https://eurydice.eacea.ec.europa.eu/publications/towards-equity-and-inclusion-higher-education-europe

6. Booth, T., & Ainscow, M. (2002). Index for inclusion: developing learning and participation in schools. Centre for Studies on Inclusive Education (CSIE), Rm 2S203 S Block, Frenchay Campus, Coldharbour Lane, Bristol BS16 1QU, United Kingdom, England (24.50 British pounds). https://eric.ed.gov/?id=ED470516

7. European Commission. Inclusive and connected higher education. Website. [Cited 20 Oct 2025]. Available from URL: https://education.ec.europa.eu/education-levels/higher-education/inclusive-and-connected-higher-education

8. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Nacional'nogo plana razvitija Respubliki Kazahstan do 2029 goda i priznanii utrativshimi silu nekotoryh ukazov Prezidenta Respubliki Kazahstan (On approval of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029 and the invalidation of certain decrees of the President of the Republic of Kazakhstan) [in Russian]: ot 30 ijulja 2024 goda № 611. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000611

9. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Koncepcii inkljuzivnoj politiki v Respublike Kazahstan na 2025 – 2030 gody (On approval of the Concept of Inclusive Policy in the Republic of Kazakhstan for 2025–2030) [in Russian]: ot 30 dekabrja 2024 goda № 1143. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143

10. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Koncepcii razvitija vysshego obrazovanija i nauki v Respublike Kazahstan na 2023 – 2029 gody (On approval of the Concept for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029) [in Russian]: ot 28 marta 2023 goda № 248. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248

11. Grzhibovskij A.M., Ivanov S.V., & Gorbatova M.A. (2016). Opisatel'naja statistika s ispol'zovaniem paketov statisticheskih programm Statistica i SPSS (Descriptive statistics using statistical software packages Statistica and SPSS). Nauka i zdravoohranenie, (1), 7-23. https://doi.org/10.24412/cl-16507658

12. Bureau of National statistics Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan. Website. [Cited 23 Dec 2020]. Available from URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/196856/

13. Altes, T. K., Willemse, M., Goei, S. L., & Ehren, M. (2024). Higher education teachers' understandings of and challenges for inclusion and inclusive learning environments: A systematic literature review. Educational Research Review, 43, 100605. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2024.100605.

14. Beaton, M. C., Thomson, S., Cornelius, S., Lofthouse, R., Kools, Q., & Huber, S. (2021). Conceptualising teacher education for inclusion: Lessons for the professional learning of educators from transnational and cross-sector perspectives. Sustainability, 13(4), 2167. https://doi.org/10.3390/su13042167

15. Gerdes, J., Goei, S. L., Huizinga, M., & de Ruyter, D. (2020). Creating an optimal environment for inclusive education: co-location and transformation in interdisciplinary collaboration. European Journal of Special Needs Education, 36(5), 700–714. https://doi.org/10.1080/08856257.2020.1786912

16. Wray, M. (2021). Additional support services and the utilisation of teaching assistants in university settings: dissuading inclusive practice or improving academic outcomes?. Support for Learning, 36(1), 102-115. https://doi.org/10.1111/1467-9604.12345

17. Svendby, R. B. (2024). Inclusive teaching in higher education: challenges of diversity in learning situations from the lecturer perspective. Social Sciences, 13(3), 140. https://doi.org/10.3390/socsci13030140

18. Vergunst, R., & Swartz, L. (2020). Experiences with supervisors when students have a psychosocial disability in a university context in South Africa. Teaching in Higher Education, 27(5), 695–708. https://doi.org/10.1080/13562517.2020.1730784

19. Pérez-Esteban, M. D., Carrión-Martínez, J. J., & Ortiz Jiménez, L. (2023). Systematic Review on New Challenges of University Education Today: Innovation in the Educational Response and Teaching Perspective on Students with Disabilities. *Social Sciences*, *12*(4), 245. https://doi.org/10.3390/socsci12040245

20. Filippou, K., Acquah, E. O., & Bengs, A. (2025). Inclusive policies and practices in higher education: A systematic literature review. Review of Education, 13(1), e70034. https://doi.org/10.1002/rev3.70034

21. Makoelle, T. M. (2022). Inclusive Education in Kazakhstan: Achievements and Challenges. Bildung und Erziehung, 75(4), 408-429. https://doi.org/10.13109/buer.2022.75.4.408

22. Nurbekova, Zh. K., Maul'sharif, M., & Bobrova, V. V. (2022). K voprosu razrabotki adaptivnykh obrazovatel'nykh resursov, udovletvoryayushchikh potrebnosti uchashchikhsya s ogranichennymi vozmozhnostyami (On the development of adaptive educational resources that meet the needs of students with disabilities) [in Russian].

Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya “Pedagogicheskie nauki”, 2(74), 310–316. https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.34

23. Moriña, A. (2016). Inclusive education in higher education: challenges and opportunities. European Journal of Special Needs Education, 32(1), 3–17. https://doi.org/10.1080/08856257.2016.1254964

24. Morgado, B., Cortés-Vega, M. D., López-Gavira, R., Álvarez, E., & Moriña, A. (2016). Inclusive education in higher education?. Journal of Research in Special Educational Needs, 16, 639-642. https://doi.org/doi:10.1111/1471-3802.12323

25. Ministry of Labor and Social Protection of the Republic of Kazakhstan. (2020). Atlas rekomenduemykh professiy i zanyatiy dlya lits s invalidnost'yu v Respublike Kazakhstan (Atlas of recommended professions and occupations for persons with disabilities in the Republic of Kazakhstan) [in Russian] (231 p.). Nur-Sultan. https://www.enbek.kz/ru/atlases-professions/disabilities-professions/pdf

Практика реализации инклюзии в системе медицинского образования Республики Казахстан

Имашева Б.С. [1], Текебаева А.М. [2], Тулегенова А.М. [3], Какимова С.А. [4]

[1] Начальник учебно-методического отдела, Медицинский университет Астана, Казахстан
[2] Старший методист учебно-методического отдела, Медицинский университет Астана, Казахстан
[3] Старший методист учебно-методического отдела, Медицинский университет Астана, Казахстан
[4] Ведущий методист учебно-методического отдела, Медицинский университет Астана, Казахстан

Резюме / Ключевые положения

В чем заключается проблема?

Несмотря на нормативную поддержку и институциональные инициативы, реализация инклюзии в медицинском образовании столкнулась с рядом вызовов:

- отсутствие институциональных механизмов по реализации инклюзии в медицинском образовании, межсекторального взаимодействия и поддержки на государственном уровне;
- недостаточная архитектурная и цифровая доступность;
- ограниченный выбор медицинских специальностей для лиц с инвалидностью;
- нехватка кадров, владеющих инклюзивной педагогикой;
- а также слабая межведомственная координация.

Варианты политики

Вариант 1. Разработка Национальной программы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан, с планом и пошаговыми индикаторами охвата. Создание прочной нормативно-правовой базы для устойчивого внедрения инклюзивного образования в медицинских вузах. Создание республиканского координационного совета при Министерстве образования и Министерстве здравоохранения Республики Казахстан для межведомственного взаимодействия. Введение обязательных разделов об инклюзии в стратегические планы вузов и медицинских академий. Введение грантов на инклюзивное развитие вузов через конкурсную систему Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Вариант 2. Создание национальной цифровой платформы мониторинга инклюзивного образования. Ежегодное публикация отчетов об охвате и качестве инклюзивного обучения в вузах. Разработка рейтинга вузов по уровню инклюзивности с публичным доступом. Внедрение обратной связи от студентов с ограниченными возможностями здоровья через анонимные опросы и общественные советы. Распространение лучших практик через конференции, сборники кейсов и средства массовой информации. Развитие цифровой доступности контента (видео с сурдопереводом, адаптированные сайты и курсы).

Вариант 3. Создание централизованных центров компетенций по инклюзивному медицинскому образованию. Расширение перечня медицинских специальностей, доступных для лиц с инвалидностью. Привлечение частных и международных партнеров (ЮНЕСКО, Всемирная организация здравоохранения, ERASMUS+) для софинансирования инфраструктуры и подготовки кадров. Включение модулей инклюзивной педагогики в магистерские программы педагогического и медицинского профиля. Введение обязательных

курсов инклюзивной педагогики для преподавателей медицинских вузов. Мониторинг соблюдения стандартов инклюзии и общественный контроль за реализацией программ.

Видение по реализации вариантов политики

Эффективная реализация возможна при координации Министерства науки и высшего образования, Министерства здравоохранения, а также самих медицинских университетов. Важно усилить подготовку преподавателей, внедрить единые стандарты и развивать материально-техническую базу, включая цифровую инфраструктуру и адаптивные технологии.

Ключевые слова: инклюзивное образование, медицинское образование, лица с инвалидностью, доступность, инклюзивная педагогика, межведомственная координация.

The practice of implementing inclusion in the medical education system of the Republic of Kazakhstan

Bagdat Imasheva [1], Aigul Tekebayeva [2], Ainagul Tulegenova [3], Sabina Kakimova [4]

[1] Head of the educational and methodological department, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan
[2] Senior methodologist of the educational and methodical department, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan
[3] Senior methodologist of the educational and methodical department, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan
[4] Leading methodologist of the educational and methodical department, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan

Abstract/Key messages

What is the problem?

Despite regulatory support and institutional initiatives, the implementation of inclusion in medical education has faced a number of challenges:

- lack of institutional mechanisms for the implementation of inclusion in medical education, intersectoral cooperation and support at the state level;
- insufficient architectural and digital accessibility;
- limited choice of medical specialties for people with disabilities;
- lack of staff proficient in inclusive pedagogy;
- as well as poor interagency coordination.

Policy options

Option 1. Development of a National program for the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan, with a plan and step-by-step indicators of coverage. Creating a solid regulatory framework for the sustainable implementation of inclusive education in medical schools. Creation of the Republican Coordinating Council under the Ministry of Education and Science and the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan for interdepartmental cooperation. The introduction of mandatory sections on inclusion in the strategic plans of universities and medical academies. The introduction of grants for the inclusive development of universities through the competitive system of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Option 2. Creation of a national digital monitoring platform for inclusive education. Annual publication of reports on the coverage and quality of inclusive education in higher education institutions. Development of a rating of universities by the level of inclusivity with public access. Introducing feedback from students with disabilities through anonymous surveys and community councils. Dissemination of best practices through conferences, case studies, and the media. Development of digital accessibility of content (videos with sign language translation, adapted websites and courses).

Option 3. Creation of centralized competence centers for inclusive medical education. Expanding the list of medical specialties available to people with disabilities. Involvement of private and international partners (UNESCO, World Health Organization, ERASMUS+) to co-finance infrastructure and training. Inclusion of modules of inclusive pedagogy in master's degree programs of pedagogical and medical profile. Introduction of compulsory inclusive pedagogy courses for medical university teachers. Monitoring compliance with inclusion standards and public oversight of program implementation.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd031

Vision for implementing policy options

Effective implementation is possible with the coordination of the Ministry of Science and Higher Education, the Ministry of Health, as well as the medical universities themselves. It is important to strengthen teacher training, introduce uniform standards, and develop a logistical base, including digital infrastructure and adaptive technologies.

Keywords: inclusive education, medical education, persons with disabilities, accessibility, inclusive pedagogy, interdepartmental coordination.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd031